

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.86-87

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, ШОРТАНДЫ АУДАНЫ «ТАБИҒАТ ТР» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА АСБҰРШАҚТЫҢ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Әуесханов Д.*

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасында өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға баса назар аударылып, дәнді бұршақ дақылдары егістік көлемін арттыру көзделіп отыр [1].

Дәнді бұршақ дақылдары топырақтағы азот тапшылығы мен азықтық ақуыз мәселесін шешуге мүмкіндік береді, сонымен қатар топырақтың биологиялық белсенділігін арттырып, органикалық егіншілік жүйесінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді [2].

Асбұршақ бағалы, жоғары ақуызды дәнді бұршақ дақылы болып табылады. Қазақстанда аудандастырылған сорттарының тұқымдарында орта есеппен 24-27% ақуыз, 50% -дан астам көмірсулары (негізінен крахмал), айтарлықтай мөлшерде май, күлдік заттар мен дәрумендер (А,В,С ж.б.) болады. Тұқымдары жоғары қоректілігімен және жақсы дәмдік сапасымен ерекшеленеді, әр түрлі тағамдар дайындауға бүтін және үгітілген тұқымдар кеңінен қолданылады, консервіленген түрде де пайдалануға болады [3].

«Табиғат ТР» ЖШС Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Научный кентінде орналасқан дәнді астық, дәнді бұршақ, көкөніс дақылдарын өсірумен айналысатын шаруашылық. Жалпы жыртынды жер аумағы 5508 гектар, егістік аумағы 4511 гектар оның ішінде дәнді бұршақ дақылдары 39 гектар, ал асбұршақ дақылы 15 гектар егістері өсіріледі. Соңғы екі жылда орташа өнімділігі 9,3-10,9 ц/га.

Аймақтың топырақ қабаты кәдімгі қара топырақты және қара топырақты аймақтан сілтісіздендірілген қара топырақты аймақшалар бөлініп шығарылады (9%-ке дейін қарашірінді болады), қалыпты жағдайдағы орташа қарашірінді қара топырақтарда 6-8 %, ал оңтүстік қара топырақтарда 4-6% қарашірінді болады. Шаруашылықта оңтүстік қара топырағы таралған [4].

Шаруашылықта дәнді астық дақылдары және дәнді бұршақ пен майлы дақылдар ауыспалы егісте орналастырылған. Оның ішінде соңғы жылдары ауыспалы егістегі орны асбұршақ, жаздық жұмсақ бидай, жаздық жұмсақ бидай, мақсары/зығыр, арпа болып орналастырылып келген.

Өсірілетін асбұршақтың сорты – Аксайский усатый 55. Орташа мерзімде пісетін сорт, вегетациялық кезеңі 65-90 күн. Өсімдік биіктігі 68-98 см. Потенциалды өнімділік – 60 ц/га жоғары. Сорт құрғақшылыққа және ыстыққа төзімді. Шашылуға төзімді, бұршақтары дақылдың тек жоғары бөлігінде орналасқан. Бұршақтары біркелкі піседі. Ақуыз мөлшері 26,2-27,4%. Тамыр шірігі мен аскохитозға қатты сезімтал сорт [5].

Асбұршақты ерте жаздық астық дақылдармен бір мерзімде себеді, топырақтың беткі қабатындағы ылғалды жоғалтып алмай тұрғанда шаруашылық жағдайында мамыр айының екінші онкүндігінің соңы - үшінші онкүндігінің басы 15-25 –мамыр аралығында себіледі.

Оңтүстік-қара топырақты шаруашылық жағдайында асбұршақты әдеттегі жаппай қатардағы тәсілмен 0,7-1,0 млн/га. өнгіш тұқым мөлшерімен себеді.

Шаруашылықта асбұршақ дақыл өсіруде ылғал мөлшеріне, себу жұмыстарына және тыңайтқыш қолдану жұмыстарына байланысты бірқатар кемшіліктер бар. Себу алдында тұқымдарды дайындау жұмыстары жүргізілмейді. Топырақ өңдеу жүйесі дәстүрлі технологиямен өнделеді. Танаптар арамшөмтермен ластанған.

Магистерлік жобада «Табиғат ТР» ЖШС бойынша асбұршақты өсіру технологиясын шаруашылық жағдайында қарастырып оны жетілдіру арқылы нақты мүмкін болатын өнімді (НМӨ) деңгейіне арттыру шаралары әзірленеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020».

2. Zhiron, V.K., Meryzlyak, M.N., Cultivation of pea plants (*Pisum sativum* L.) at low temperature decreases lipid peroxidation induced by freezing-thawing, 1983, с. 185-191.

3. Қ.К.Әрінов, Н.И.Можаев, Н.А.Шестакова, М.А.Ысқақов, Н.А.Серекпаев.: Өсімдік шаруашылығы практикумы. 2014 жыл.

4. Каскарбаев Ж.А., Чуркина Г.Н., Похурков Ю.А., Ибраева А.Т., Заболотских В.В., Девяткина Г.В., «Минимальная и нулевая технология возделывания гороха в Акмолинской области» Астана, 2010-45с.

5. Солтүстік Қазақстандағы өсімдік шаруашылығы, Әрінов Қ.К., Шестакова Н.А., Астана 2009.

*Ғылыми жетекші а.ш.ғ.к., доцент И.И.Жұмағұлов*